



КӨЗ ЖАСЫНА ТОЛЫ ЖЕМСАУЫТ

Ресми деректерде соңғы 2 жылда Қазақстанға жалпы сомасы 1 трлн теңгеге жуық активтердің қайтарылғаны туралы мәлімет бар. Елдің байлығын заңсыз иеленгендермен күрес басталғалы бері 2000-нан аса адам салық органдарының назарына іліккен. Мамандар енді олардың мүлкі қандай жолмен алғаны тексерілетінін айтып отыр.



«Ұртоқпақтың» таяғы

Кейде мемлекет қаржысын жымқыратындарды Ұртоқпақ келіп сабаса ғой деймін қиялдана. Балкім, сонда жымқыратындар да, қымқыратындар да Отанға адал болар ма еді, кім білсін... Әзірге бұл типтегілер жемсауын қайтсем де толтырамын деп жүр, ал мемлекет олармен алысып әлек. Сол жымқырып-қымқыратындар толтырып әлек болып жатқан жемсауыттарында жүздеген, мыңдаған, тіпті миллиондаған қарапайым

жанның адал еңбек, маңдай тері мен көз жасы жатқанын біле ме екен?.. Біледі. Біле тұра жемсауын толтырып әуре.

Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті ірі салық төлеушілер департаментінің директоры Іңкәр Елубайдың сөзіне сенсек, осы күнге дейін мемлекет меншігіне акциялар, ғимараттар, құрылыстар, қонақүй кешендері, бизнес орталықтар, ақшалай қаражаттар, автокөліктер қайтарылған. Мемлекеттік кірістер комитеті ірі салық төлеушілер департаментінің директоры бұл мәліметті

елордада өткен брифингте айтты. Сондай-ақ МКК уәкілетті орган болмағандықтан, ресми статистиканы келтіре алмайтынын жеткізген.

Республиканың Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару жөніндегі комиссияның отырысы өтті. Үкімет үйіндегі баспасөз қызметінің ақпаратына сенсек, дәл осы комиссия отырысында тексеру шаралары басталатын жаңа тұлғаларды тиісті реестрге енгізу мәселелері талқыланған.

Нақтырақ айтатын болсақ, бұған дейін тізілімге енгізілген кейбір тұлғалар бойынша кінәсін мойындау және заңсыз алынған мүлкі өз еркімен қайтару туралы процессуалдық келісім жасау жоспарлануда. Бұдан бөлек, тізілімдегі жекелеген субъектілердің және оларға үлестес тұлғалардың шығу тегі түсініксіз мүлкін мемлекет кірісіне аударуды мәжбүрлеу туралы талаптар қойылады. Бұл дегені елдің ең байлығын иеленгендермен күрестің күшейетінін білдіреді.

2-БЕТТЕ



ҚАЛАДА 78 жоба жүзеге аспақ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қызылорда қаласының даму жоспары қаралған кенесте қала әкімі Серік Қожаниязов биыл салынатын нысандар туралы айтып, халыққа қажетті жаңа жобаларды ұсынды.

Биыл Қызылорда қаласының бекітілген бюджетінде жалпы құны 23,6 млрд теңгені құрайтын 78 жобаға қаржы бөлінді. 78 жобаның 52-сін толық аяқтауға 15,1 млрд теңге, 21 өтпелі жобаға 6 млрд 757,6 млн теңге қаралған. Оған қоса, құны 24 млрд 361,2 млн теңгені құрайтын 55 жаңа жоба әзірленді. Оның ішінде, жарықтандыру бойынша 7 жоба, тұрғын үй құрылысы бойынша 1 жоба, абаттандыру бойынша 8 жоба, жол құрылысы бойынша 8 жоба, көшелерді қайта жаңғырту бойынша 3 жоба, жолдарды күрделі жөндеу бойынша 5 жоба, жолдарды орташа жөндеу бойынша 2 жоба, спорт алаңдарының құрылысы бойынша 2 жоба, ауызу және қарз желілері бойынша 17 жоба, газбен жабдықтау бойынша 1 жоба, электр желілері бойынша 1 жоба дайындалды.

Сол жағалаудан 7 қабатты 6 тұрғын үй және 200 пәтер сатып алуға қажетті қаражат бөлінуде. Жол, көпір, сондай-ақ Ясауи, Көшербаев көшелерін қайта жаңғырту, Назарбаев даңғылының Тәуелсіздік даңғылына дейінгі көше құрылысы, Тәуелсіздік даңғылының «Қызылжарма» арнасы арқылы автожол көпірін салу жоспарлануда.

Кенесте биологиялық газарту станциясына және «Байтерек» тұрғын ауданын газбен, сумен жабдықтауға қаржы сұралды. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы арқылы облыс орталығында жалпы құны 5,8 млрд теңгені құрайтын 11 жоба республикалық бюджетке ұсынылып, бүгінде оларды бастауға 647 млн теңге бөлінді. Жобаларды аяқтау үшін республикалық бюджетке 4,6 млрд теңгеге өтінім ұсы-

нылды. Облыстық бюджеттен қаржыландыруға 586,7 млн теңге қаржы қажет. Оған Қызылорда қаласына қарасты елді мекендердің инженерлік инфрақұрылым желілері жаңартылып, жол салынбақ.

Шаһар басшысы Серік Қожаниязов бірқатар жобаларға қолдау көрсетуді сұрады. Олар Сырдария өзенінің сол жағалауында коммерциялық үй-жайлары бар 5 қабатты 10 тұрғын үй және 7 қабатты 6 тұрғын үй, электрмен жабдықтау желілері, «Жайлы мектептердің» (Арай, СПМК, сол жағалау, әл-Фараби, Байтерек) жан-жағын асфальттау. Оған қоса, «Байтерек» тұрғын ауданын газдандыру, электр және ауызу жүйелерін жүргізу жобасы да бар. Кварталшілік газ құбырлары желісін салу, Жаппасбай батыр көшесін, «Қызылорда-Күмкөл» трассасын қайта жаңғырту, «Сабалақ» саяжайына газ құбырын тарту жобаларының тұрғындар үшін маңызы зор. Аталған жобалардың жалпы құны 15 млрд 293 млн теңгені құрайды.

Г.БОЛТАЙ



Бек СҰЛТАНБЕКҰЛЫ,
Тәкей Есетов атындағы
№264 мектеп директоры:

АҚПАРАТ ҒАСЫРЫНДА БАЛАНЫ ҚЫЗЫҚТЫРУ ҮШІН ШЕБЕРЛІК ПЕН ІЗДЕНІС ҚАЖЕТ

3-БЕТТЕ



Сәуіржан ТӨЛЕШ,
әнші, киноактер:
БІЗДЕ ШОУ БИЗНЕСТЕН ГӨРІ
ТОЙ БИЗНЕС ЖАҚСЫ
ДАМЫҒАН

4-БЕТТЕ



Техас: АҚШ-қа кіру арманға айнала ма?

Соңғы жылдары Мексика арқылы АҚШ шекарасын заңсыз кесіп өтіп, жайлы өмір іздеген адамның саны мол. Катерлі де қызықты «сапарды» еңсергендер қатарында қазақстандықтар да бар. Алайда енді бұл мүмкіндіктің жолы жабылмақ. Жуырда Техас штаты Мексикамен шекараға әскер әкеліп, заңсыз өткен халықты қайтаруда. Саяси алаңда қызу талқы тудырған оқиға туралы BBC арнасының тілшісі Сэм Кэбрал арнайы репортаж әзірледі.



АҚШ-Мексика қабырғасы деген атаумен танымал шекара бұрыннан заңсыз өту аймағына айналған. АҚШ визаны екшеп беретін болғандықтан, «үшінші мемлекеттердегі» жоғары білімі жоқ, жалақысы аз, Америка көруге асық» азаматтар үшін бұл шекара арман қақпасына айналған. Әрине, оларға ресми тіркелу мүмкін емес, әлеуметтік көмек те қолжеткізбейді. Қашып-пысып кара жұмыс істеп, орташа айлықтан төмен еңбекақы алады. Алайда соның өзі отандық күнкөріс деңгейінен жоғары болғасын, көбі аталған қадамға баруда.

Алайда заңсыз көші-кон мәселесі қоғамдағы қылмыс көрсеткішіне әсер етіп, еңбек нарығында тұрақсыздық тудыруда. Сондықтан кей штат мигранттардың құқығын әсірәткерге басым деп жазғырып, тіпті орталық билікпен шекарадағы тәртіпті өз бетінше шешуге кіріскен. Мысалы, Мексикамен іргелес Техас штаты орталық билікпен кикілжіңге келіп, бақылау пункттерін дамытпаған лауазымды тұлғаларды кінәлаған. Штат губернаторы Грег Эбботт заңсыз мигранттарды тоқтату үшін дербес шешім қабылдап, Игл Пасс қаласы маңынан темір қабырға тұрғызды. Штат басшысының жұмысты бұл өңірден бастауында мән бар. Себебі өткен жылы Мексиканың аталған шаһар маңындағы шекарасынан өткен заңсыз мигранттар саны 56 процентке артқан.

«22 қаңтарда Fox News агенттігі АҚШ Жоғары сотының қаулысын жариялады. Онда Техас штатындағы Мексикамен шекарадағы 48 шақырымдық темір тосқауылды алып тастау үкімі көрсетілген. Оған қоса штат өкілдерінің шекара патрульдерін Рио Гранде өзеніне жақындатпауын заңсыздық деп атаған. Ал техастықтар болса, заңсыз келген халықтың көптігіне шағымданып, оларды Вашингтон, Нью-Йорк, Чикаго секілді қалаларға автобуспен жіберуде. Мұндай қарсылық жалпыхалықтық талқыға ұшырап, қоғам белсенділері ойын жеткізуде», – дейді автор.

Жағдайды пайдаланып, саяси ұяй жинауға тырысқан экс-президент Дональд Трамп АҚШ-Мексика шекарасындағы жағдайды сынады. The Hill ақпарат агенттігінің мәліметіне сенсек, Трамп бұл дауды әлем тарихындағы ең мақсатқа жеткізілген де ойын қайталап «Бізге небары үш жыл бұрын ғана ең мығым әрі қауыпсыз шекара болды. Ал бүгінгі ахуал ше? АҚШ шекарасы әлемдегі ең сорақы шекараға айналды. Алдымызда қиын дағдырыс күтіп тұр», – деген.

Мәселеге агрессиялы ұстаныммен жауап қатқандар да кездеседі. Әсіресе өзге штат басшылары әріптесінің қаламын құтпап, керек болса, иелігіндегі ұлттық гвардияны көмекке жіберетінін айтады. Флорида штатының губернаторы Рон Десантис бұл ойды ісімен дәлелдеп, әскерге пәрмен берген. Ол Х (бұрынғы Twitter) әлеуметтік желісінде: «Штаттар шекарасын қорғауға толық құқы бар. Егер Техас қабырға тұрғызғысы келсе, көмекке дайынбыз. Мен қабырғаны бұзып, заңсыз мигранттарды көбейтуге ниетті орталық биліктің сапында болғым келмейді. Бұл – бассыздық. Сондықтан Ұлттық гвардияның бір батальонын Техасқа көмектесуге жібереміз» – деп жазба қалдырды.

4-БЕТТЕ

Қайтқан қаржыны не істейміз?

Премьер-министрдің ақпаратына сүйенсек, соңғы 2 жылда елге жалпы сомасы 1 трлн теңгеге жуық активтер қайтарылған. Ауқымды жұмыс аясында 344 жылжымалы және жылжымайтын мүлік объектісі, соның ішінде шетелде 131 объект анықталды. Жалпы құны 448 млрд теңге құнды қағаздар бойынша мәлімет алынды. Сомасы 220 трлн теңге болатын банк операциялары, оның ішінде 1,4 трлн теңгені құрайтын күмәнді операциялар тексерілуде.

Жалпы заңсыз иемденілген активтерден түскен қаржы қалай жұмсалды және қандай мақсатқа жұмсалды деген сұрақ туындайды. Негізгі жемқорлардан қайтқан қаржыға мектеп салу жобасы бар. Бұл жұмыс басталып та кетті. «Жайлы мектеп» жобасы арқылы Қызылордада 10 білім ошағы салынып жатқанын да айта кеткен жөн. Әйтсе де ұрланған, тоналған, жымқырылған дүниелер түгел қайтарылатын болса, ол аз қаржы емес. Ол кезде не істеу керек? Экономист Мақсат Халық егемендік әріптестерімізге ұлттық қорға аударған дұрыс деп пікір білдірді.

– Заңсыз иемденілген активтерден түскен қаржы ұлттық қордың есепшотына аударылғаны дұрыс деп есептеймін. Біз соның арқасында ұлттық қорымызды еселейміз. Мемлекет басшысы 100 млрд доллардан асыру керек деген меже қойған еді. Егер осы қаражатты осы ұлттық қордың шотына аударатын болсақ, сол межеге тез-ақ жететін боламыз. Көптеген заңды қабылдауға үлес қосқан депутаттардан ол ақшаның қайда жұмсалатынын сұрағанмын, олар халықтың экономикалық жағдайын жақсартуға бағыттауға, өмір сүру сапасын жоғарылатуға бағытталды деген пікірді алға тартты. Әрине, адами фактор болғандықтан қаржы талан-таражға ұшырап кетпей ме деген сұрақ туындайды. Сондықтан бұл ұлттық қордың есепшотына түссе, біріншіден ұлттық банктің қадағалауында болады. Екіншіден, ұлттық қордың көлемін ұлғайтамыз. Үшіншіден, ұлттық қордың инвестициялық кірісі де еселенетін болады. Бұл дегеніміз болашақ ұрпаққа берілетін қаражаттың көлемін ұлғайтамыз деген сөз, – дейді Мақсат Халық.

Экономистің Мақсат Халықтың бұл пікірін мақұлдауға болады. Егер заңсыз иемденілген активтерден түскен қаржы ұлттық қорда жиналатын болса, ешкімде артық сұрақ туындамас еді. Тек Қазақстанның әрбір азаматы үшін ұлттық қордағы қаржыны көріп, біліп отыратын мүмкіндік жасау керек деп санаймыз.

Мемлекет ел байлығын түгелдеп жатыр

Біз Қызылордадағы экономист ғалымдардың да пікірін білген едік. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Шайнұров Абай Серікұлы заңсыз иемденілген активтерді қайтару арқылы мемлекеттің ел байлығын түгелдеп жатқанын атап өтті.

– Екі жыл бұрын Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстаннан заңсыз шығарылған активтерді қайтару жөнінде тапсырма бергені белгілі. Соның нәтижесінде «Әділетті Қазақстанды» құруға бет бұрған ел билігі екі жыл бұрын тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кеткен қазынаны түгендеуге кірісті. Бір сөзбен айтқанда, мемлекет ел байлығын түгелдеп жатыр. 2023 жылдың 12 шілдесінде «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң қабылданды. Бұл заң қайтару тетіктері ірі сыбайлас жемқорлық субъектілеріне және әкімшілік-билік ресурстары бар адамдармен сыбайлас олигополиялық топтарға қолданылады. Сонымен қатар жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын субъектілерге, мемлекеттік заңды тұлғаларға, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, сондай-ақ аталған тұлғалармен аффилирленген субъектілерге де қолданылатыны айтылған.

2023 жылдың 12 қазанда Президент жарлығымен заңсыз иемденілген активтерді заңды жолмен қайтаратын арнайы мемлекеттік мекеме – Активтерді қайтару жөніндегі комитет құрылды, арнайы қор ашылды. Комитет заңсыз шығарылған активтерді мониторинг және талдау барысында анықтайды. Уәкілетті орган сатып алынған активтердің заңдылығына қатысты күмән туындаса, ол активтерді қайтару жөніндегі комиссияға жүгінеді. Комиссияға Парламент депутаттарынан, қоғам қайраткерлерінен, Үкімет мүшелерінен, мемлекеттік органдардың бірінші басшыларынан және өзге де тұлғалар кіреді. Жауапты орган комиссия қарауына осындай субъектілер мен олардың үлестес тұлғаларын тиісті реестрге қосу туралы ұсыныстар енгізеді. Заңсыз шығарылған активтерді қайтару жөніндегі комиссияның хабарлауына, қазір жұмыс қызу жүріп жатыр. Нәтижесінде, екі жылда елімізге 1 трлн теңгеге жуық актив қайтарылды.

Басы 1-бетте

Прокуратураның мәліметіне сүйенсек, қайтарылған активтер қатарында ақшадан бөлек, ірі кәсіпорындардың акциялары, қонақүйлер, мейрамханалар, кеңселік ғимараттар, жер учаскелері, базарлар, теміржол мен қымбат әшекей бұйымдар бар. Активтерді қайтару бойынша жұмыстар биыл да жалғаспақ. Қазір күдікке ілінгендер тізімі жаңарып жатыр. Алдағы уақытта түскен қаражат бүкіл ел бойынша әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталатын болады, атап айтқанда бұл ақшаға елде негізінен мектеп, аурухана секілді әлеуметтік нысандар тұрғызылмақ. Мұның барлығы нақты қалалар мен ауылдарда болады. Қазіргі таңда елге қайтарылған қаржылардың есебінен еліміздің аймақтарында 30-дай мектеп салына бастады. Кейбір жағдайларда активтерді қайтару жаңа өнеркәсіптік және әлеуметтік объектілерді салу арқылы Қазақстан экономикасына тікелей инвестициялау жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Жакында Қаржы министрлігі осы активтерді басқару тәртібін бекітті. Ережеде негізгі 6 тәсіл анықталған. Олардың арасында мүлкті жалға беру де бар.

Ел экономикасы үшін қажетті, халықтың қазынасын толықтыруға ғана емес, кей жағдайда «мешкейдің көмейін» толтыруға жұмсалып жатқаны жасырын емес. Дәл осы тұста аталған заңды жүзеге асыру «көлеңкелі экономиканың» үлесін де 19 пайызға дейін төмендетуге ықпал ету мүмкін болып отыр. Не десек те халықтың игілігі үшін жасалып отырған пәрменнің іске асырылуына кез келген азамат үлес қоса алады деп көзделеді. «Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» деген заманда заңсыз құлық не сұмдықпен алынған заңсыз активтерді мемлекетке қайтару ел мүддесі үшін, мемлекеттің қажеттілігін қанағаттандыру үшін қызмет ете алары хақ.

ішкі экономикалық айналымға тартуға негіздейтін заң құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеріп қана қоймай, оның алдын алуға да ықпал етеді деп көзделеді. Заңсыз активтерді қайтарудың ерікті немесе мәжбүрлі сипатта болуы мүмкін екенін ескерген жөн. Мәжбүрлі қайтару жүзеге асырылған жағдайда Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілері арқылы немесе сот шешімімен жүзеге асырылады. Десе де заңсыз активтерді қайтарудың ерікті түрде де, яғни келісім арқылы қайтарылуы көзделген. Осы орайда декларацияның енгізілуі де жайдан жай емес. Себебі тұлғалардың өз активтерін «бүкпелісіз, боямасыз» көрсетуіне ықпал жасай отырып, экономикалық тұрғыда еліміздің жапа шекпеуіне ықпал жасайды.

Қазақтың сайын даласы қашаннан қойнауы қазынаға толып, жан-жақтан алпауыттардың жерімізге көз тігуіне де әсер еткені жасырын емес. Бұл тенденция XXI ғасырда емес, сонау бабаларымыз егемендік үшін еліміз деп күрескен сәттерден-ақ басталған-ды. Дегенмен бабадан балаға мұра болып жеткен сол байлық келер ұрпаққа жетпей қалмай ма деген қорқынышты да ұялататыны

КӨЗ ЖАСЫНА ТОЛЫ ЖЕМСАУЫТ



Халықтың тағы бір байлығы – жер. Қазір кәдеге жарамай бос жатқан және біреулерге заңсыз берілген жерлерді мемлекет меншігіне қайтару да қарқынды жүріп жатыр. Осының нәтижесінде ауыл маңындағы жайылым тапшылығын да жою көзделіп отыр. Екі жылда аумағы 10 млн гектар болатын ауылшаруашылық жері қайтарылды. Ал шаруалар не өзі пайдаланбай, не өзгеге бермей келген 3,4 млн гектар жерді игеруге кірісті. Сондай-ақ жергілікті фермерлер арасында 2,8 млн гектар жер қайта бөлінді. Елге қайтарылған қаржының тағы да талан-таражға түспей, халық игілігіне жұмсалатынына сенімдімін, – дейді экономист Абай Серікұлы.

Ұрпақ үшін қабылданған заң

«Болашақ» университетінің аға оқытушысы, экономика ғылымдарының магистрі Ләззат Спанова заңсыз активтерді қайтарудың ерікті және мәжбүрлі сынды екі түрі бар екенін алға тартады. Ол бұл қаламның болашақ ұрпақ үшін де маңызды екенін атап өтті.

– Бүгінгі және болашақ ұрпақтың мүддесі үшін деп қабылданған пәрменнің бірі – 2023 жылдың 12 шілдесінде күшіне енген «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының заңы. Жыл толмаса да, заңның қабылданып үлгергеніне алты айдан асты. Негізгі мақсатын активтерді қайтаруға әрі

Заңсыз иемденілген активтерден түскен қаржы ұлттық қордың есепшотына аударылғаны дұрыс деп есептеймін. Біз соның арқасында ұлттық қорымызды еселейміз. Мемлекет басшысы 100 млрд доллардан асыру керек деген меже қойған еді. Егер осы қаражатты осы ұлттық қордың есепшотына аударатын болсақ, сол межеге тез-ақ жететін боламыз. Көптеген заңды қабылдауға үлес қосқан депутаттардан ол ақшаның қайда жұмсалатынын сұрағанмын, олар халықтың экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталды деген пікірді алға тартты. Әрине, адами фактор болғандықтан қаржы талан-таражға ұшырап кетпей ме деген сұрақ туындайды. Сондықтан бұл ұлттық қордың есепшотына түссе, біріншіден ұлттық банктің қадағалауында болады. Екіншіден, ұлттық қордың көлемін ұлғайтамыз. Үшіншіден, ұлттық қордың инвестициялық кірісі де еселенетін болады. Бұл дегеніміз болашақ ұрпаққа берілетін қаражаттың көлемін ұлғайтамыз деген сөз.

ақиқат. Ел экономикасы үшін қажетті, халықтың қазынасын толықтыруға ғана емес, кей жағдайда «мешкейдің көмейін» толтыруға жұмсалып жатқаны жасырын емес. Дәл осы тұста аталған заңды жүзеге асыру «көлеңкелі экономиканың» үлесін де 19 пайызға дейін төмендетуге ықпал ету мүмкін болып отыр. Не десек те халықтың игілігі үшін жасалып отырған пәрменнің іске асырылуына кез келген азамат үлес қоса алады деп көзделеді. «Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» деген заманда заңсыз құлық не сұмдықпен алынған заңсыз активтерді мемлекетке қайтару ел мүддесі үшін, мемлекеттің қажеттілігін қанағаттандыру үшін қызмет ете алары хақ, – дейді экономика ғылымдарының магистрі Ләззат Спанова.

Сөз соңы: Мемлекет мүлкі мен қаржысын жекесіндей көретіндерге тышқар таянғын қашан. Донғеленген дүние басқалар үшін жүрісінен жаңылса да олар үшін жаңылмайтынды көрінетін. «Алтын еденнің» үстінде жыртық шұлықпен жүрген қазаққа жаны ашымайтындар елдің байлығын заңсыз иемденіп, тіпті шетел асырып жіберген. Осы уақытқа дейін ертегідегі Ұртоқпақтың таяғы болмаса сөз де, көз де өтпейтіндей, тіпті қол да жетпейтіндей жүрді. Енді оларда екі-ақ жол бар: заңсыз жиған дүние мүлкі мемлекетке өз еркімен қайтару не заң алдында жауап беру.

Әзіз ЖҰМАДІЛДӨУЛЫ

КІТАПХАНАДА ЖАҢА ҮЙІРМЕЛЕР АШЫЛДЫ

Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада «Көркем» және «English for kids» атты үйірмелердің ашылу салтанаты өтті.

Облыстық кітапхана басшысы Нұрлыбек Мыңжас қазақ тілінің бай тіл екенін атап өтті.

– Ана тіл – ұлттың айнасы. Қазақ тілі әлемдегі ең бай тіл екені айқын. Тілді сақтай алмасақ, ұлтымыздан айырыламыз. Қазақ тілін насихаттаудың бір жолы бар. Ол – адамның сапасын көтеру. Қазақ баласының сапасы жақсы болмай, оның ана тілі ешкімге керекі болмайды. Әрбір ата-ана осындай көзқараспен қарауы керек. Дегенмен ағылшын тілін де жоққа шығара алмаймыз. Ғылым, бизнес, экономика – ағылшын тілінде. Әлемдік жүйеге кіру



үшін, болашағымыз мықты болуы үшін және әр қазақ баласы өз үлесін алуы үшін ағылшын тілі керек. Осыны ескере отырып, мәдени ошақтарға ықпал жасап «Көркем» және «English for kids» үйірмелерін аштық, – деді кітапхана басшысы.

Облыстық кітапханада бұған дейін Корей елшілігінен мамандар келіп, балаларға корей тілін үйреткен көрінеді. Биыл балаларға арналған ағылшын тілі үйірмесі де қатарға қосылды. Ерте жастағы балаларға ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру, сөздік қорларын байыту мақсатында «English for kids» үйірмесі ашылып жатыр екен. Болашақта интеллектуалды, өркенетті адам қалыптастыру – басты назарда.

Тағлымды шарада шаһардағы мектеп оқушылары ана тілімізде ән шырқап, би билеп, қазақ халқының шешендік



сөздері мен даналығын дәріптеп өз өнерлерін ортаға салды. Ағылшын жазушысы Шарль Перронның «Қызыл телпек» ертегісінен қойылым қойды.

«Тіл – ұлт тұтастығының тағдыры» тақырыбында кітап көрмесі ұйым-

дастырылды. Көрмеге Ахмет Байтұрсынұлының танымдық мұрасы қойылды. Шара соңында өнер көрсеткен барлық бала алғыс хатпен марапатталды.

Марина САҒИДАТБЕК

Көпке танымал «Келінжан» сериалында Нартай ролін сомдаған Сәуіржан Төлеш – Сыр өңірінің тумасы. Әнші ретінде халықтың жүрегінен жол тапқан ол енді киноактер ретінде танылды. «Әке – балаға сыншы» демекші, бала Сәуіржанның әнге жақын екенін білген әкесі Төлеш оған кішкентай кезінде «осы сені асырайды» деп баян сатып әкеп берген екен. Әке тілегі қабыл болып, ол өнер адамдарының ортасында «баянмен ән айтуды трендке айналдырған Сәуіржан» атанады. Бүгінде елге әншілігімен қоса, киноактер ретінде танылған Сәуіржан Төлеш сұхбаттасудың сәті түсті.



Сәуіржан ТӨЛЕШ, әнші, киноактер:

– «Келінжан» сериалында актер ретінде танылған Сәуіржанның туған жері Қызылорда екенін біреу білсе, біреу білмес. Сол себепті әңгімені туған жеріңіз, өскен орнаңыз, отбасыңыздан бастасақ...

– Мен 1986 жылы Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданында дүниеге келдім. Бес ағайындымыз. Үйдің кенжесімін. Алдымда 4 ағам бар. Мен дүниеге келгеннен кейін ата-анам Қызылорда қаласына көшіп келген екен. Балалық шағым Қызылорда қаласында өтті. Қаладағы №23 мектепте оқыдым. Әкем Төлеш өмір бойы мұғалім болды. Өнерге де жақын адам еді. Өзі ән айтпаса да, өнерді жоғары бағалайтын. Анам – Қалдыгүл отбасында бала тәрбиесімен айналысқан жан. Әкемнің айтуынша, мен кішкентайымнан музыкаға жақын болған екем. Бала кезімде домбыраға үйірсек болыпмын. Ал төрт жасымда өзмен-өзім домбыра тартып, үлкендер жиі айтатын халық әні «Күміс құманай» әнін домбыраға салып, ыңылдағанды көрген әкем «осы бала түбі өнерге жақын болады» деп мені өнер мектебіне берді. Өнер мектебінде Болат Бекбатыров деген күйші ұстаздан сабақ алдым. Бұл өзі бесжылдық мектеп екен. Мен домбыра сыныбының бір жылын аяқтаған соң, алғырлығымды байқаған ұстазым бірден 3-ші сыныпқа көшірді. Сонымен, бес жылдық өнер мектебін 4 жылда аяқтадым. Өнер мектебінде тек домбыра ғана емес, ямаха да тартып жүрдім. 12 жасымда Файзулла деген ағамызбен тойға шығып, ән айтып, табыс таба бастадым. Сөйтіп, өнердегі алғашқы қадамым осылай басталып кетті.

Ал 9 сыныпқа өткен кезде әкеме музыкалық апаратура алып беруін өтіндім. Сол кезде оның бағасы 1000 АҚШ доллары тұрады. Әкем көңілді кимай, біреуден екі есе етіп қайтаратын болып қарызға ақша тауып берді. Су жаңа апаратураға қол жеткізген мен өнердегі ағаларыммен тойға шыға бастадым. Сол апаратурамен мектептің бүкіл мерекелік іс-шарасын, тіпті мектеп бітіру кешін де өткіздім. Бір

трендке шығарсам, сол кара баян мені әнші Сәуіржан етті.

– Әнші Сәуіржан «Келінжан» сериалы арқылы актер ретінде жаңа қырынан көрінеді. Шынын айтқанда, сізді елге танымал еткен де осы сериал болды.

– Иә, оны мойндаймын. Мені «Келінжан» сериалы танымал етті. Бұл – кино әлеміндегі алғашқы қадамым. Тіпті киноға түсем деген ойымда жоқ. Продюсер Гүлнұр Мамасарипова баян тартатын адам іздеп Мейрамбек Беспаева хабарласқан ғой. Ол бірден мені ұсыныпты. Ұсыныс түскен соң қолымнан келсе көрейін деп, тәуекел етіп келдім. Кино алғашында Бақбақты деген ауылда түсірілді. Дайындық басталып кетті. Маған Нартайдың ролін түсіндіріп жатыр. «Мас адамның ролін ойнайсың, баян тартып жүресің» дегендей. Костюмерлер үстіме шұрк тесік киім кигізді. «Мынау немене?» деп

әдепкіде түсінбей, қабылдай алмай тосырқағаным рас. Алғашында қиындықтар да болды. Бірақ жақсы алып шықтым деп ойлаймын. Негізгі кино түсіру барысында өзіндік шектеу болады. Сценарийден шықпау, сондағы сөздерді ғана айту деген сияқты. Ал «Келінжан» сериалында бізге еркіндік берілді. Кейде ролді ойнау барысында өз шығармашылығыңнан қосып жіберетін кезің болады. Сонымен де кино шынайы болды деп ойлаймын.

– Көрермен ретінде Нартайдың роліне қандай баға бердіңіз?

– Кинодағы ролдерді талдау, сын айту қолымнан келмейді. Себебі мен кәсіби маман емеспін. Бағасын халық береді. Бір қуанарлығы, қазір қазақ киносы қатты дамып келеді.

– Бұдан кейін киноға түсету ұсыныс түскен жоқ па?

– «Күйеу бала» деген киноға түсітім. Бірақ дәл «Келінжандағыдай»

БІЗДЕ ШОУ БИЗНЕСТЕН ГӨРІ ТОЙ БИЗНЕС ЖАҚСЫ ДАМЫҒАН

күні мектеп директоры Раушан Ахметалиқызы «сенің кешіңді ұйымдастырайық», – деді. Мектеп оқушысы үшін бұл үлкен мәртебе ғой. Мектептің акт залын безендіріп, үлкен концерт беретіндей дайындалдық. Сыныптастарым, ұстаздарым мені шабыттандырып, қолдап жүр. Концертке ата-анам келіп қатысты. Олар да мээ. Кейін ойлап отырса, ата-анам үшін сол менің алғашқы әрі соңғы концертім болыпты...

Студенттік жылдарым да туған жерде өтті. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің музыка факультетін бітіргеннен кейін де еңбек жолым сол тойдың айналасында жалғасты. Кейін үлкен қалаға, үлкен ортаға кеттім. Әкемнің батасын алып, Алматыға жол тарттым. Үлкен қала, бейтаныс орта. Қанша дегенмен жүресіңе бар. Дегенмен жолымда жақсы адамдар жолықты. Өнердегі достарым марқұм Нәби Аймұратов, Ерболат Ержанбаев, Тахауи Ахтанов үлкен ортаны жатырмауға, тез сіңісіп кетуіме себеп болды. Кейіннен өнерде жүрген ағалар Жанатбек Бәйтеков, Мейрамбек Беспаевпен танысып, ағалы-інідей қатысып кеттік. Кейін МузАрттың 15 жылдығына орай шығармашылық концертінде ансамбльде ойнадым. Алматыда тойларға баянмен шыға бастадым. Сол уақытта тойда баян тарту кездесе бермейтін. Қысқасы, бала күнімде әкем «түбі сені асырайтын осы болады» деп кара баян сатып алып бергенде бұған соншалықты мән бермеген екем. Шынында да, менің есімім баянмен егіз болды. Баянмен ән айтуды



танымал болатындай ролде ойнамадым.

– Кинодағы Нартай мен өмірдегі Сәуіржанның ұқсастығы мен айырмашылығын айтыңызшы.

– Өнерге жақындағым, баян тартатыны, досқа адал, ешкімге зияны жоқ, адамгершілігі жаным жақын болды.

– Ішімдікке жақындағым ше?

– Мүлдем татып көрмедім деп айта алмаймын. Пенде болған соң кемшіліктер де болады. Жастық шақ, оның үстіне Алматыда еркін жүрмін, «ай дейтін же, қой дейтін жожа жоқ» дегендей. Қазір ішімдікпен дос емеспін.

– Отбасыңыз туралы айтсаңыз.

– Жұбайым Айжан екеуміз екі ұл тәрбиелеп отырмыз. Айжан да әнші. Екеуміз бірге дуэт айтып жүрміз. Өнерде де, өмірде де біргеміз.

– Балаларыңыздың өнер жолын таңдағанын қалайсыз ба?

– Жоқ. Балаларымның әркімінің босағасында жүргенін қаламаймын. Себебі бізде шоу бизнестен гөрі той бизнес қатты дамыған. Қазір өнер адамдарының барлығы тойдың айналасында жүр. Себебі табыс табу керек, күнкоріс қамы...

– Сұхбатыңызға рахмет.

P.S. QR код арқылы әнші Сәуіржан Төлештің «Алам бар менің» әнінің бейнебаянын көре аласыздар.

Сұхбаттасқан Г.ҚЫМБАТ



ТҰРМАҒАМБЕТТІҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ



Менің әкем кезінде Қармақшының Асқар ауылында тұрған. Көрнекті ақын Тұрмағамбеттің әңгімелерін көп айтушы еді. Өзі ақынжанды болған соң ба, көпшілігін жаттап алған. Ол кезде тыңдағанын жаттап алмаса, кітап деген аттыға табылмайтын кезең екен. Тіпті жазатын қағаз таппайтынбыз дейді әкем күрсініп. Расында, біздің әкелеріміз тарихылық заманда өмір сүрген ғой. Ол кездегі үлкен кісілердің зердесінің мықтылығына таң қалмасқа шараң жоқ. Үлкен дастандардың өзін жаттап алуға ынтық болған. Шынында, ол заманда импровизация мықты дамыған. Ауыз әдебиетінің небір қаймақты жырлары туған кезең десе де болады. Ол кезде жиын-тойда елді желіндіріп тастайтын әңгіме айтуға

машықтанған шақ. Сондай бір жиында әкем Асқардың Тұрмағамбеттің тапқырлығы жайлы айтқан әңгімесі бар болатын.

Бір сараң бай болыпты. Сарандығы сонша ешкімге үйінен ас бермейді екен. Оның үйіне бір күні ауылдайлар келіп түссе, оларға тоқты сойып береді. Ауылнай, болыстар кетісімен байдың үйіне бірі-екі жолдасымен Тұрмағамбет келіпті. Әлгі бай ақынға мал сойыпн десе малын кимай, соймайын десе ақынның тілінің ашылығынан қорқып, үй сыртына әйелін шақырып алып «Мына жағу түскірге тағы да тоқты соймыз ба?» деп кеңеседі. Әйелі «жаңа ғана тоқты сойдық, күнде екі тоқты сойсаң байғұс-ау нен қалады? Мал өлтіргің келсе, ана жүрген құрттай көк лақты сой», – дейді.

Бұл сөзді Тұрмағамбет үйде отырып естиді. Әйелінің кеңесін мақұлдаған ол кешкісін көк лақты бақыртып, есіктің алдына көлденең тартып Тұрмағамбетке: «Қане, қонағым, сізге несіп болған мал екен, бата қылып жіберіңіз» дейді.

Сонда ақын қолын жайып: – Кеңесіп сойған лақтан, Көсіле ішкен көже артық. Тоқты жеген қонақтан, Бұл қонақтың несі артық, Семіз болса соя бер,

Арық болса қоя бер, – деген екен.

Сараң бай ұялғаннан тоқты сойған екен. Қазақ салтында сыйлы қонаққа тай сояды, болмаса қой сояды, бірақ лак соймайды. Соның ішінде бай адамға лак сойған ұяттың ұяты болған. Сөйтіп, ақын бата арқылы сараң байдың пейілін шебер ашып, өткір әжуалаған.

Тағы бірде Тұрмағамбетті «Халық жауы», «Дінді насихаттаушы молда» деп заң орындары тексеріп жатқанда әйелі ақынға тамақ әкеліп береді. Түрекең мұсылмандық салтпен тағамды «Біссмілла» деп бастап іше бастайды. Сонда тергеуші «Ей, мұсылмандықтың насихаттаушысы сен не деп отырсың?» деп бас салады. Оған мән бермеген ақын: «Құлдарың дұрыс естімей ме? Мен тамақ «ысы ма?» деп жатырмын», – деп қатылған екен.

Тұрмағамбет 1930 жылдары қасына інісін ертіп, Қазыла ауданында тұратын нағашыларына барды. Нағашылары күтіп алып, сыйлап, кетерінде соғымға жылқы қосып беріп шығарып салды. Аттары қасында, жолда келе жатса, Қазылаға жақындағанда милициялар кездесіп, «ат ұрлап келе жатырсыңдар» деп түрмеге қамайды. Бұларды көп қылмыстылар жатқан үлкендеу бөлмеге әкелсе, үлкен самаурынды ортаға алып, бір топ қазақ жігіттері шай ішіп отырады. Күн ыстықта

шөпдеп келген бұлардан да шай ішкісі келіп отырғанын байқаса да, байқамағанын шайға шақырмайды. Орталарындағы Орынбай деген кісіні «Ореке, Ореке» деп дабырласып жатқандарынан, Әлім ата балалары екені сөздерінен аңғарылады.

Сонда Түрекен дабырласып жатқан топқа: Ішінде Орынбайдай ағасы бар, Сонан соңғы жасы кіші баласыңдар. Таласпай, татулықпен ішсеңдерші, Самаурын үлкен көрінеді, қанасыңдар. Шөменмен қонысым бір болысыммен, Әлімде туыстыққа таласым бар. Самаурын күнде қайнап келіп тұрса, Менің де бір шәйнек су аласым бар, – депті.

Содан Орынбай ақсақалдан бастап, Түрекемен танысып, білісіп, шайды бірге ішіп сыйласыпты. Түрме басшыларына келіп, бұларды ұры деп ұстау қателігін дәлелдеп, түрмеден шығуға көмектесіпті. Қандай керемет ұлағаты әңгімелер. Сөздің құдіретіне бұрынғылардың қалай тоқтағанына таң қаласың. Сөздің қадірі кетсе, береке-бірліктің де құты қашатын секілді. Бір ауыз сөздің киесі мен қасиетін білген қазақ неткен ұлы халық десеңші!

Gaynar ҚОЖАХМЕТОВА



BBC NEWS

Техас: АҚШ-қа кіру арманға айнала ма?

Байқасақ, АҚШ қоғамы қанша жерден толерантты ортаны құруға тырысқанмен, заңсыз көші-қон мәселесінен қажыды. Мұндай «бас ауруы» солтүстік Африка босқындары мезі еткен Еуропада да кездеседі. Сондықтан әлеуметтік тенденция өзгеріп, бұрынғыдай мигрантқа мүсіркей қарай бермейді. АҚШ-та шекараны заңсыз кесіп өткен азаматтардың көптігінен адам құқығын қорғайтын ұйымдар үні де бәсеңдегендей.



Оған себеп жоқ емес. Мысалы, өткен жылдың желтоқсан айында АҚШ-Мексика шекарасын 300 мыңнан астам адам заңсыз аттапты. Ұлттық қауіпсіздікке бей-жай қарамайтын елді мұндай дерек шошытқаны анық. Техасты қолдап Ұлттық гвардия жіберуге дайын отырған Республика партиясының 25 губернаторының әрекетінің мәні де осында болатын.

«Заңсыз келімсектер кесірінен мемлекетте фентанил, есірткі айналымы көбейіп, террористер де қарапайым халық кейіпінде еңуде. Сондықтан Эббот мырза бастаған «Жалқы жұлдыз» операциясын қолдаушы көп. Орталық билік те қарсы емес, тек Техас әскери күштерінің шекара патрулін аймаққа кіргізбегеніне наразы. Жаңадан салынып жатқан қабырғаны қолдамағанымен, бұрыс деп кесіп айтады. Білетініміз, штат басшысының ісі Жоғары сот қаулысына қарағанда емес», – дейді Сэм Кэбрал.

Техастағы қаламға қарсы шыққандар да кездесті. Мысалы, конгрессмен Хоаким Кастро губернатор әрекеті хаос тудырады деп айтып, орталық билікке Ұлттық гвардияны басқару билігін қайтып алуға сұраған. Оған қоса Акуй Техас губернаторы сотқа тартып, Байден берген тапсырманы орындамады деп кінәлайды. Олардың сөзінше, Эбботт Мексика тұсынан заңсыз шекарадан өткен мыңдаған мигрантты түрмеге қамамаған. Ал сол мигранттарды автобуспен АҚШ-тың ірі қалаларына апарып тастап, ішкі қарсылығын көрсеткен.

Байден болса тақырыпқа салқынқанды қарауда. Көші-қон мәселесін реттеуге дайын екенін айтып, ол үшін құқықтық өзгеріс жасау керектігін жеткізген. Сөзінен саяси келіссөздер жүретінін байқауға болады. Ал ашулы республикалықтар Президент сөзін місе тұтпай, ішкі қауіпсіздік министрі Александро Майоркаса импичмент жариялап, қызметінен кетуін талап еткен.

«Республика партиясының көшбасшысы, бұрынғы президент Дональд Трамп жақтастарын үгіттеуге көшкен. Ол Байденнің келесі сайлауда жеңіске жетуіне кедергі болуға шақырып, саяси қателік жасамау керектігін қайталаумен әлек», – дейді тілші.


Иә, Техас билігі екі ел арасындағы саяси дағдарысты үдете түсті. Оның үстіне шекара қауіпсіздігіне жауапты патрульді аймаққа кіргізбеуі ахуалға кәсіби баға беруге кедергі келтіруде. Заңды қие тұтатын елде Жоғары соттың қаулысына қарсы шығу, орталық биліктің пәрменін орындамау қылмыспен тең. Сондықтан ел билігі жағдайды ұшықтырмау үшін кей сұрақты жауапсыз қалдыруға көшкен. Мысалы, штаттағы Ұлттық гвардия губернатор не тапсырма береді, соны орындайды. Заң солай. Шекара патрулін аймаққа кіргізбе десе, демек кіргізбейді.

Осы орайда қоғам тұтақты тарапын қозғап, «Негізден Байденнен Техасты гвардияны басқару билігін губернатордан алмайды?», «Басқару құқын басқа адамға берсе жеткілікті емес пе?» деген сауалмен мазалауда. Орынды сауал болғанымен, билік әлі нақты жауап берген емес. Осыдан-ақ ахуалдың тым күрделі екенін аңғаруға болады.

P.S. Қай елге болсын, заңды негізде аяқ басқан жөн. Заңды айналып өтуге талпыну, шекараны белгіленбеген тұсына бару қатерлі екенін түсінген жөн. АҚШ-қа барудың жолы осы екен деп, Мексика арқылы тығылып өткен Қазақстан азаматтары да аз емес. Сол үшін АҚШ билігі виза беру жолын жеңілдетіп, түрлі бағдарламаны іске қосуға.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған Еркін ШАМШАДИН

Меншік иесі:



Бас директорының міндетін атқарушы Марат АРАЛБАЕВ
Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)
Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу нөмірі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2973 Тирадымы №202

Нөмірдің кезекші редакторы Марина САГИДАТБЕК